

1996-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 14 тамыз N 1010. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1999.04.09. N 384 қаулысымен. ~Р990384

Еліміздің экономикасын энергиямен қамтамасыз ету проблемаларын кезең-кезеңмен шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі әзірлеген 1996-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар бағдарламасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Экономика министрлігімен және Мемлекеттік электр энергетикасын реттеу комиссиясымен бірлесіп 1997-2000 жылдарға арналған индикативтік жоспарларды жасаған кезде салада жүргізілген құрылымдық-экономикалық өзгерістерді ескере отырып аталған

бағдарламаға қажетті түзетулер енгізілсін.

3. Осы қаулының орындалуына және электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі жұмыстарды жалпы үйлестіруге бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

